

**Алматы облысы бойынша 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы**

Алматы облысы әкімдігінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 57 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 15 наурызда № 27124 болып тіркелді.

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – Алматы облысы әкімдігінің 23.12.2022 № 405 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына, "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2022 жылға арналған субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

1-1. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Алматы облысы бойынша 2022 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімі бекітілсін.

**Ескерту. Қаулы 1-1 тармағымен толықтырылды – Алматы облысы әкімдігінің 23.12.2022 № 405 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

2. Алматы облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) Алматы облысы әкімдігінің "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бойынша субсидиялар

көлемдерін бекіту туралы" 2021 жылғы 26 ақпанындағы № 75 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5894 тіркелген) қаулысы;

2) Алматы облысы әкімдігінің "Алматы облысы әкімдігінің 2021 жылғы 26 ақпанындағы "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" № 75 қаулысына өзгеріс мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 23 желтоқсанындағы № 479 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25977 тіркелген) қаулысы.

3. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысы әкімінің міндетін атқарушы  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Л. Турлашов

Алматы облысы әкімдігінің 2022  
жылғы 14 наурыздағы № 57 қаулысына  
1-қосымша

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Алматы облысы әкімдігінің 23.12.2022 № 405 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Алматы облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2022 жылға арналған субсидиялар көлемдері**

P/c №	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем (бас, килограмм, дана, доза, бал ара ұясын)	Субсидиялар сомасы (теңге)
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:			
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	Бас/шағылыстыру маусымы	159 863	1 593 630 000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		44 645	669 675 000

2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	Бас/шағылыстыру маусымы	69	6 900 000
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу:	Сатып алынған бас	2 869	430 350 000
4.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:			
4.1	Отандық	Сатып алынған бас	699	104 850 000
4.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған		265	59 625 000
5.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату	Тірідей салмағы, килограмм	900 000	180 000 000
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
1.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:			
1.1	Отандық	Сатып алынған бас	500	100 000 000
1.2	Аустралия, Америка Құрама Штаттары, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		125	50 000 000
2.	Сүт өндіру құнын арзандату			
2.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	31 117 315	1 400 279 175
2.2	Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық		4 821 000	144 630 000
2.3	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		10 000 000	200 000 000
2.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі		6 000 500	120 010 000
3.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	Ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	48 250	241 250 000
Етті құс шаруашылығы				
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	609 493	365 695 800
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату			
2.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс		48 066 542	3 845 323 365

2.2	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген килограмм	281 686	14 084 300
Жұмыртқалы құс шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	1 661 710	99 702 600
Қой шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	Б а с / шағылыстыру маусымы	225 308	901 232 000
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		720 000	1 800 000 000
2.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	Сатып алынған бас	10 891	163 365 000
3.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың еркек дарақтарының құнын арзандату	Өткізілген бас	2 973	8 919 000
Шошқа шаруашылығы				
1.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	Б а с / шағылыстыру маусымы	3 250	130 000 000
Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:				
1.	Балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Балара ұясы/ маусым	11 261	56 305 000
2.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	Килограм	1 972 082	118 324 920
3.	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	Килограм	2 000 000	110 000 000
Барлығы				12 919 151 160
Қаражат шегінде асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша 2021 жылы резервке (күту парағы) түскен субсидиялар көлемдері				
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:			
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	Бас/шағылыстыру маусымы	8 408	84 080 000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		1 052	15 780 000
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	Бас/шағылыстыру маусымы	7	700 000

3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу:	Сатып алынған бас	126	18 900 000
4.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:			
4.1	Отандық	Сатып алынған бас	1 433	214 950 000
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
1.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:			
1.1	Аустралия, Америка Құрама Штаттары, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған	Сатып алынған бас	391	156 400 000
2.	Сүт өндіру құнын арзандату:			
2.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	4 895 643	220 303 935
2.2	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		1 409 874	28 197 480
2.3	Ауыл шаруашылығы кооперативі		1 143 530	22 870 600
Етті құс шаруашылығы				
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	111 108	66 664 800
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату			
2.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген килограмм	10 846 460	867 716 800
2.2	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс		357 295	17 864 750
Жұмыртқалы құс шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	183 000	10 980 000
2.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату (2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады)			
2.1	200 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген дана	85 881 910	128 822 865
Қой шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	Бас/ шағылыстыру маусымы	35 712	142 848 000
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		135 851	339 627 500

2.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	Сатып алынған бас	11 274	169 110 000
3.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың еркек дарактарының құнын арзандату	Өткізілген бас	4 736	14 208 000
<b>Жылқы шаруашылығы</b>				
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	Сатып алынған бас	3	300 000
<b>Шошқа шаруашылығы</b>				
1.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	Бас/ шағылыстыру маусымы	167	6 680 000
<b>Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:</b>				
1.	Балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Балара ұясы/маусым	2 854	14 270 000
2.	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	Килограм	289 150	15 903 250
<b>Барлығы</b>				2 557 177 980
<b>Қаражат шегінде ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялау бағытты бойынша 2021 жылы резервке (күту парағы) түскен субсидиялар көлемдері</b>				
1.	Сүтті және сүтті етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы	бас	1 152	69 120 000
2.	Ірі қара малдың аналық басы	бас	75 225	1 128 375 000
3.	Қой малдың аналық басы	бас	466 069	1 165 172 500
4.	Жылқының аналық басы	бас	7 685	76 850 000
5.	Түйелердің аналық басы	бас	141	1 410 000
<b>Барлығы</b>				2 440 927 500
<b>Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша қаражат шегінде Республикалық бюджеттен бөлінген субсидиялар көлемдері</b>				

Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
1.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:			
1.1	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған		61	13 725 000
1.2	Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған	Сатып алынған бас	531	212 400 000
2.	Сүт өндіру құнын арзандату:			
2.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	8 867 404	399 033 180
Етті құс шаруашылығы				
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	259 647	155 788 200
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату			
2.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген килограмм	21 310 203	1 704 816 234
2.2	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс		1 231 250	73 875 000
Жұмыртқалы құс шаруашылығы				
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату 5 миллион данадан басталатын нақты өндіріс (2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады)	Өткізілген дана	525 451 462	1 576 354 386
Шошқа шаруашылығы				
1.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	Бас/ шағылыстыру маусымы	7 185	287 400 000
Барлығы				4 423 392 000
Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат шегінде ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялау бағытты бойынша субсидиялар көлемдері				
1.	Сүтті және сүтті етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы (50 бастан)	бас	12 072	1 207 200 000
2.	Етті және етті-сүтті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы	бас	63 223	1 264 460 000
3.	Қой малдың аналық басы	бас	241 137	723 411 000
4.	Түйелердің аналық басы	бас	2 806	42 090 000

Алматы облысы әкімдігінің 2022  
жылғы 14 наурыздағы № 57 қаулысына  
2-қосымша

**Ескерту. Қаулы 2-қосымшамен толықтырылды – Алматы облысы әкімдігінің 23.12.2022 № 405 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

**Алматы облысы бойынша 2022 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері**

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 басқа арналған субсидия нормативтері, теңге	Өлшемшарттары	Өтінім беру мерзімі
1	Сүтті және сүтті етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы (50 бастан)	бас	100 000	1) өтінім берген сәтте (18 айдан асқан сиыр мен құнажындардың ) аналық басының 50 бастан кем емес болуы; 2 ) инфрақұрылымның сәйкестігіне арнайы комиссияның қорытындысын алған сүт-тауар фермалары; 3) өтінімді берген сәтте аналық мал басының селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорында және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорда	



				тіркелуі және деректердің сәйкестігі	
2	Етті және етті-сүтті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000	1) өтінім берген сәтте (18 айдан асқан сиыр мен құнажындардың ) аналық басының болуы; 2) өтінімді берген сәтте аналық мал басының селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорында және а у ы л шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорында тіркелуі және деректердің сәйкестігі	Ағымдағы жылдың 25 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
3	Қой малдың аналық басы	бас	3 000	1) өтінім берген сәтте (15 айдан а с қ а н аналықтардың) аналық басының болуы; 2) өтінімді берген сәтте аналық мал басының селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорында және а у ы л шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор тіркелуі және деректердің сәйкестігі	

4	Түйелердің аналық басы	бас	15 000	<p>1) өтінім берген сәтте (36 айдан асқан аналықтардың) аналық басының болуы;</p> <p>2) өтінімді берген сәтте аналық мал басының селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорында және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорында тіркелуі және деректердің сәйкестігі</p>
---	---------------------------	-----	--------	---